

Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 шілдедегі № 41/01 "Қарағанды облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 7 шілдедегі № 49/02 қаулысы

2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" және 1999 жылғы 23 шілдедегі "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2015 жылғы 27 шілдедегі № 41/01 "Қарағанды облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентін бекіту туралы" Қарағанды облысы әкімдігі қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3391 болып тіркелген, 2015 жылғы 7 қыркүйегінде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде, 2015 жылғы 8 қыркүйегінде "Орталық Қазақстан" № 140 (22025) және "Индустриальная Караганда" № 125 (21876) газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Қарағанды облысы әкімі

Н. Әбдібеков